**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

# РУДНЫЙ ИНДУСТРИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 65 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ӨНЕРКӘСІП ПЕН БІЛІМДІ ДАМЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР МЕН СЕРПІНДІ ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Рудный индустриялық университетінің тарихы 1959 жылдың мамыр айында Қазақстанның КП қалалық партия комитеті, ССКБК-ның және «Соколоврудстрой» тресінің басшылығы КОКП ОК-не, БЛКЖО ОК-не, КСРО Жоғары және орта арнайы білім министрлігіне Рудный қаласында инженерлік кадрларды даярлауды ұйымдастыруды сұрауынан басталды. 1959 жылдың күзінде В.И.Ленин атындағы Қазақ тау-кен металлургия институтының кешкі индустриялық факультетінің филиалы ашылды.

Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрінің 1964 жылғы 5 наурыздағы №175 бұйрығымен кешкі индустриялық факультет Қазақ политехникалық институтының филиалы болып қайта құрылды.

1978 жылғы қаңтарда КСРО Минкеңесінің және ҚазКСР Минкеңесінің қаулыларына сәйкес Қазақстанда жаңа дербес ЖОО – Рудный индустриялық институты ашылды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 7 қарашадағы №565 бұйрығы негізінде Рудный индустриялық институты Рудный индустриялық университеті болып өзгертілді.

Қазіргі уақытта Рудный индустриялық университеті – әр азаматтың өз елі үшін мақтаныш сезімін дамытуға ықпал ететін әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграцияланған техникалық білім беру және ғылыми зерттеулер жүргізу саласындағы көшбасшы, Солтүстік-Батыс Қазақстандағы индустриалды-инновациялық орталық.

**Құрылтайшылар**

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі.
- Қазақстан Республикасы, Рудный индустриялық университеті.
- Қазақстан Республикасы, «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ.

**Конференцияға қатысуға** жетекші ғалымдар, сарапшылар, кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандары, бизнес өкілдері, оқытушылар, магистранттар мен докторанттар шақырылады.

**Өткізу уақыты** 2024ж. 23-24 қазан
**Өткізу орны** Рудный қ., Рудный индустриялық университеті

**Конференция барысында келесі бағыттар бойынша жұмыс жоспарлануда:**

1. Жаңа шындық жағдайында тау-кен металлургия және машина жасау салаларын дамыту перспективалары.
2. Ресурстарды үнемдеу және энергетикалық тиімділік заманауи технологиялардың инновациялық дамуының негізі ретінде.
3. Индустрия 4.0 және өнеркәсіптік кешендегі цифрлық трансформация.
4. Қазіргі қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық аспектілері.
5. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялардың рөлі.

**Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ, орыс, ағылшын.

**Конференцияға қатысу шарттары:**

– көрсетілген мерзімде өтінім мен мақала мәтінін жолдау,
– мақала толтырылған өтінімге жеке файлмен бекітіледі,
– басқа қалалардан келген қатысушыларға жатақханадан орын беріледі (тегін),
– іссапар шығындары: конференцияға қатысушылар немесе іссапарға жіберуші тарап есебінен.

**Тіркеу шарттары:** Конференцияға қатысуға өтінімді және мақалалардың мәтінін жариялау үшін ұйымдастыру комитетіне 2024 жылғы 23 қыркүйекке дейін электронды түрде жіберу қажет. Мақалалар (тіркелген файлмен) conference@rii.edu.kz электрондық поштасына қабылданады.

**Мақалалар мен өтінімге қойылатын** талаптар 1-қосымшада көрсетілген.

**Барлық мақалалар алдын ала рецензиялаудан өтеді.** Конференция қорытындысы бойынша **ғылыми мақалалардың жинағы** шығарылады.

**Мақаланы ресімдеуге қойылатын талаптар:**

1) Мақала көлемі 4-10 бет, беттер нөмірленбейді,

2) MS Word мәтіндік редакторы, А4 парақ форматы; Times New Roman шрифті, кегль 14, жоларалық интервал - бір,

3) Барлық шеті 2 см, абзац шегінісі 1,25 см.,

4) Мақаланың басында автор(лар) (ТАӘ), сондай-ақ жұмыс орны, қаласы, елі, e-mail көрсетілуі тиіс. Мақаланың атауы, автордың аты-жөні, жұмыс орны, қаласы, елі туралы мәліметтер орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылуы керек,

5) Әрбір мақалада орыс және ағылшын тілдерінде қысқаша аннотация болуы тиіс (1 абзацтан артық емес),

6) Әрбір мақалаға орыс және ағылшын тілдеріндегі негізгі сөздер келтірілуі тиіс,

7) Мақаланың ӘОЖ кодын көрсету қажет,

8) Суреттер мен графиктердің айқын бейнесі болуы және қара-ақ гаммада (қара қою сызыққа жол беріледі) сақталуы тиіс. Кестелер мен суреттердің тақырыптары болуы керек. Суреттердің атауы мен нөмірлері суреттердің астында, кесте атаулары мен нөмірлері кестелердің үстінде көрсетіледі. Кестелер, схемалар, суреттер, формулалар, графиктер көрсетілген шеттерден аспауы керек (кестелердегі және суреттердегі қаріп – 12-11 пт).

9) Формулалар кірістірілген MS Word Equation Editor бағдарламасында орындалуы керек,

10) Әдебиеттер тізімі мақаланың соңында орналастырылады, МЕМСТ 7.1-2003 сәйкес ресімделеді және мақалада атап өту тәртібімен келтіріледі

11) Мақала мәтінінде әдеби дереккөздерге сілтемелер төртбұрышты жақшаға орналастырылады, мысалы [1], [4,7],

12) Әрбір мақалаға жариялауға өтінім қоса берілуі тиіс.

**Ұйымдастыру комитетінің байланыстары**

Пошталық мекенжайы: 111500, Қазақстан Республикасы, Рудный қ., 50 лет Октябрь к-сі, 38, тел./факс: 8 (71431)50703, 50401, қос.107 (ұйымдастыру комитеті), 8 (71431)50702 (төраға)

E-mail: conference@rii.edu.kz

*1-қосымша*

**Мақаланы рәсімдеу үлгісі:**
**ӘОЖ 000**

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР**

***Ахметов А.А***.
*Рудный индустриялық университеті, Рудный, Қазақстан*
*ahmetov@mail.ru*

Аннотация:
Негізгі сөздер:

Мәтін ...

**Әдебиеттер тізімі**

1....

**INNOVATION SYSTEMS**

***Akhmetov A.A.***
*Rudny industrial university, Rudny, Kazakhstan*
*ahmetov@mail.ru*

Abstract:
Key words:

Рудный индустриялық университетінің 65 жылдығына арналған
**«ӨНЕРКӘСІП ПЕН БІЛІМДІ ДАМЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР МЕН СЕРПІНДІ ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ТЕХНОЛОГИЯЛАР»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға
**қатысуға өтінім**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (толық) | |
| 2 | Ұйымның атауы (толық) | |
| 3 | Ұйымның атауы (қысқартылған) | |
| 4 | Лауазымы | |
| 5 | Ғылыми дәрежесі, атағы | |
| 6 | Хат алмасу мекен-жайы (пошта индексімен) | |
| 7 | Байланыс деректері (коды бар телефон нөмірі, факс, электрондық пошта мекенжайы) | |
| 8 | Баяндаманың атауы | |
| 9 | Ғылыми бағыт (секция) | |
| 10 | Конференцияға қатысу<br>□ баяндамамен<br>□ баяндамасыз<br>□ сырттай қатысу | |
| 11 | Толтыру күні | |